



Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалау тұжырымдамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 12 мамыр N 819

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалаудың қоса беріліп отырған Тұжырымдамасы бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 12 мамырдағы
N 819 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен
қамсыздандыру жүйесін реформалау тұжырымдамасы

1. Кіріспе

Лайықты қарттықты материалдық жағынан қамтамасыз ету дүние жүзінің барлық елдері үшін, соның ішінде экономикалық тұрғыдан дәулетті елдер үшін де көкейтесті проблема. Бұған мемлекет пен азаматтың, жұмыс беруші мен қызметкердің, ата-аналар мен балалардың әлеуметтік және экономикалық өзара қарым-қатынастарының эволюциясына байланысты халықтың жалпы санындағы қарт азаматтар үлесінің табиғи түрде ұлғаюы негіз болып отыр.

Қазақстан Республикасындағы ұрпақтардың ынтымағы принципіне негізделген зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі іс жүзінде өзінің мүмкіндіктерін тауысты. Зейнетақы қорының қаржы жағдайының дағдарысы түбегейлі өзгерістерді және зейнетақымен қамсыздандыру жүйесіне шұғыл реформалар жүргізуді талап етеді.

Ұсынылып отырған Тұжырымдама зейнетақы реформасының негізгі стратегиялық

бағыттарын айқындайды.

2. Зейнетақымен қамсыздандырудың қазіргі жай-күйі

Зейнетақымен қамсыздандырудың қолданылып жүрген жүйесі есепте тұрған зейнеткерлерге зейнетақыны жұмыс істеушілердің міндетті зейнетақы жарналары есебінен төлеуге негізделген.

Қолданылып жүрген зейнетақы жүйесінің түйінді сипаттамалары мыналар болып табылады:

- * зейнетақымен қамсыздандыруға мемлекеттік монополия;
- * қартайғанда өзін-өзі материалдық қамсыздану үшін азаматтардың жеке жауапкершілігінің болмауынан міндетті зейнетақы жарналарының иесіздігі;
- * зейнетақы қаражатын жүйе ішінде қайта бөлу.

Мұндай жүйе жоспарлы директивалық экономика, еңбекке қабілетті халықтың іс жүзінде жұмыспен толық қамтылуы, мемлекеттік аппараттың мүлтіксіз бақылауы және зейнеткерлер мен жұмыс беруші азаматтардың қалыптасқан ара салмағы жағдайында ғана тиімді болды. Сондықтан зейнетақы жүйесі зейнетақының біршама жоғары деңгейін қамтамасыз етті - оның мөлшері жұмыс істеген соңғы жылдары алынған жалақыға, еңбек стажы мен жасына байланысты болды, ал жеңілдіктердің көптігі зейнеткерлікке шығуға қызықтырды.

Экономикалық жағдайдың өзгеруі қалыптасқан зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуін бұзды.

Зейнетақы жүйесі, бір жағынан көптеген зейнеткерлердің ең төмен деңгейдегі қажеттерін қамтамасыз ете алмайтын болды, екінші жағынан, экономикаға ауыртпалық салды.

Зейнетақымен қамсыздандырудың қолданылып жүрген жүйесінің түбірлі кемшіліктері айқын аңғарылды:

1. Жарналардың мөлшері мен зейнетақы төлемдерінің мөлшері арасындағы тікелей байланыстың жоқтығы. Зейнетақы қорына жарналар иесіздікпен төленді, бірақ жұмыс берушісінің зейнетақы қорына жарналарды тұрақты түрде және толық аударған-аудармағанына қарамастан әрбір қызметкердің зейнетақы алуға құқығы бар. Мемлекет өз тарапынан жұмыс беруші мемлекеттік Зейнетақы қорына міндетті жарналарын аударудан жалтаратын азаматтың алдындағы зейнетақы тағайындау міндеттемесін орындауға тиіс.

2. Зейнетақы жарналарының жоғары ставкасы өндіріс шығынын көбейтеді. Қазіргі кезде Зейнетақы қорына аударылатын жалақының 25,5% мөлшеріндегі жарна экономика үшін ауыр. Инфляция жағдайында зейнеткерлердің тұрмыс деңгейін қолдауға жұмсалатын елеулі және ұдайы өсіп отыратын шығыстарын өтеу үшін жарна ставкасын одан әрі ұлғайту жұмыс берушілерді мемлекеттік Зейнетақы қорына міндетті

жарналарды аударудан бұрынғыдан да көп жалтаруға итермелейді.

3. Зейнетақы жарналарының жиналу деңгейінің төмендегі жалпы экономикалық себептерге де, сондай-ақ сақтық жарналарының түсуін бақылаудың тиісті тетігінің жоқтығына және қызметкерлердің мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандыруды қолдауға мүдделі еместігіне де байланысты болып отыр.

4. Зейнетақы тағайындау кезіндегі жеңілдіктер санының көптігі мемлекеттік Зейнетақы қорына айтарлықтай салмақ түсіреді. Қолданылып жүрген заңдар көптеген адамдарға зейнеткерлікке ерте шығуға және мөлшері жасына қарай берілетін зейнетақыдан кейбір жағдайда әлдеқайда жоғары жеңілдікті зейнетақы алуға құқық береді. Нәтижесінде бір саланың қызметкерлері артықшылықты салаларда жұмыс істеушілерге зейнетақы төлеу үшін жарналар төлейді, осының салдарынан әлеуметтік әділдік бұзылады.

5. Қызметкерлердің зейнетақы жарналарының дербес есебінің жоқтығы аударымды көбейтуге және азаматтардың жеке шоттарында қаражатты шоғырландыруға, сондай-ақ жұмыс берушілердің жарналарын бақылауға ынталандырмайды.

6. Зейнетақымен қамсыздандыруды басқарудың тиімсіз жүйесі түрлі ұйымдық құрылымдар бойынша зейнетақы қаражатын жинау мен жұмсау функцияларының шашыраңқылығы олардың мақсатқа сай жұмсалмауына жол ашып, елеулі қаржы ысырабына әкеп соғады.

"Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарын және олардың отбасыларын зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатын азаматтарға зейнетақы төлеу олардың ерекшеліктерін ескере отырып республикалық бюджет қаражатының есебінен жүргізіледі.

Қолданылып жүрген зейнетақы жүйесін сақтау оның дағдарысын ушықтырады және зейнетақы төлемдерінің кідірілуін ұзартады. Сондықтан қолданылып жүрген зейнетақы жүйесі құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағынан түбірлі өзгерістерді қажет етіп отыр. Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалау мемлекет экономикасын дамытуға жәрдемдесе алады, ал барлық зейнеткерлердің материалдық жағынан қамсыздандырылуы соның жай-күйіне байланысты.

3. Зейнетақыны реформалаудың негізгі принциптері мен бағыттары

Ұрпақтардың ынтымағы принципінен дербес зейнетақы жинақтары принципіне көшу реформаны жүргізудің негізгі принципі болуы тиіс. Басқа принциптер мыналар болып табылады:

- * зейнетақы жүйесін мемлекеттік реттеу;
- * азаматтардың зейнетақы жинауды мемлекеттік жинақтау немесе мемлекеттік емес

зейнетақы қорларында жүзеге асыруды таңдап алу құқығын қамтамасыз ету;

* зейнетақы қорларын қалыптастыруға жасына қарай зейнеткерлікке шығуға құқық беретін еңбек стажына кем болмайтын уақыт қатысқан азаматтар үшін белгіленген ең төмен зейнетақыны күнкөріс минимумын қамтамасыз ету жөніндегі тікелей мемлекеттік кепілдіктер;

* зейнетақылар мен басқа да әлеуметтік қамсыздандыру нысандарының ара жігін ажырату;

* Қазіргі кезде "Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарын және олардың отбасыларын зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының күші қолданылатын және реформа басталған сәтте 10 жылдан астам еңбек сіңірген әскери қызметшілерден, ішкі істер органдары мен Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлерінен басқа еңбекке қабілетті жастағы әрбір азамат зейнетақылық жинауларды қалыптастыруға міндетті түрде қатысуға тиіс;

* еңбекке қабілетті азаматтардың қартайғанда өзінің зейнетақымен қамсыздандырылуы үшін жеке жауапкершілігі;

* зейнетақы салымының қауіпсіздігімен ұштастыра отырып инвестициялауды тиімді ету;

* азаматтардың мемлекеттік және мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларындағы жинауларды мұраға алу құқығын қамтамасыз ету;

* әрбір азаматтың қосымша ерікті зейнетақымен қамсыздандырылуға құқығы;

* азаматтардың зейнетақы салымын инвестициялау арқылы экономикаға үлес қосу.

Есепте тұрған зейнеткерлердің зейнетақы алу құқығын іске асыру қажеттігіне, сондай-ақ зейнетақы реформасы басталғанға дейін еңбек стажы бар болған азаматтардың алдындағы мемлекеттің міндеттемелеріне байланысты туып отырған өтпелі кезеңде есепте тұрған зейнеткерлерге мемлекет Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан алатын зейнетақы мөлшерін сақтауға, сондай-ақ тұтыну бағасының өсуін ескере отырып, оны индексстеуге кепілдік береді.

Зейнетақы реформасын басталғаннан кейін зейнеткерлікке шыққан азаматтарға төленетін мемлекеттік зейнетақылардың мөлшері зейнетақы реформасы басталған сәттегі еңбек стажына байланысты болады. Бұл ретте жинақтаушы зейнетақы қорларында объективті себептермен жеткілікті зейнетақы жинауларын қалыптастыруға үлгермей жатқан жасына қарай зейнеткерлікке шығуға таяған азаматтардың құқықтарына Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан толық зейнетақы алуға құқық беретін әйелдер үшін жиырма жылдық және ерлер үшін жиырма бес жылдық стажының сақталуы есебінен нұқсан келтірілмейді.

Азаматтардың әскери қызметшілерді, ішкі істер органдары мен Мемлекеттік тергеу комитетінің реформа басталған сәтте 10 жылдан аз еңбек сіңірген жылы бар қызметкерлері мен реформа басталғаннан кейін қызметке жаңадан кірген

қызметкерлерін қоса алғанда жинақтаушы зейнетақы қорларында жинаулары есебінен төленетін зейнетақы болашақтағы зейнетақымен қамсыздандыруда негіз болады. Бұл зейнетақының принципті айырмашылығы әрбір жұмыс істеушінің өзінің болашақ зейнетақысының мөлшерін өзі белгілейтінінде. Зейнетақы шамасы нақты адамның зейнетақы жарналарын төлеуінің ұзақтығына және мөлшеріне, сондай-ақ зейнетақы активтерін инвестициялаудан қосымша аударымдарға (дивидендтерге) толық байланысты болады. Бұл зейнетақы дербестендіру принциптеріне негізделеді, мұның өзі азаматтардың жекелеген санаттарына қандай да болсын артықшылықтарды (жеңілдіктерді) жоққа шығарады.

Қосымша зейнетақы азаматтардың өз пайдасына және үшінші адамдардың пайдасына, сондай-ақ жұмыс берушілердің мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларына төлеген ерікті жарналарының есебінен қалыптасуы мүмкін.

Азаматтардың нақты жалақысының олардың міндетті жарналарының сомасына кемуі жұмыс берушілердің әлеуметтік сақтандыру қорларына аударымдарын азайту және есепке алуға тиісті өзгерістер енгізу арқылы есептелген жалақыны көбейтудің нәтижесінде жойылады.

Зейнетақы жүйесін реформалаудың алдында зейнетақы жөніндегі берешек толығымен өтелуге тиіс. Бұған қоса реформаның басында Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан зейнетақымен қамсыздандыруға байланысты жағдайды тұрақтандыратын және зейнетақымен қамсыздандырудың жана жүйесінің қалыптасуының алғы шарттарын туғызатын мынадай шаралар қабылданады:

- * зейнетақы жеңілдіктерін беру саясаты қайта қаралады, мұнда жеңілдіктер тек әскери қызметшілер, ішкі істер органдары мен Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері үшін ғана ішінара сақтауларды;

- * Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін есептеу үшін еңбек стажын есептеудің тәртібі қарапайымдандырылады;

- * әлеуметтік зейнетақыларды мүгедектігіне байланысты зейнетақылар мен асыраушысынан айрылған жағдайдағы зейнетақы төлеу жөніндегі міндеттемелер мемлекеттік бюджетке, ал кейін жұмыс берушілердің қызметкерлерді міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне ауыстырылады. Бұл ретте зейнетақының орнына төленетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері сақталады;

- * жинақтаушы зейнетақы қорларының автоматтандырылған жүйесінің негізінде азаматтардың зейнетақы жарналары мен жинауларының дербестендірілген есебі енгізіледі;

- * еркектер мен әйелдердің зейнетке шығуының шекті жасы 2016 жылға дейінгі кезеңде бірте-бірте өсіріліп, теңестіріледі;

- * жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың қызметін мемлекет тарапынан реттеу мен бақылау қамтамасыз етіледі, зейнетақы төлемдерінің зейнетақы жинаулары сомасынан асып

түсу қаупін сақтандыруды қамтамасыз ету үшін сақтандыру компанияларының жұмыс істеуі үшін жағдай жасалады.

4. Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің ұйымдық құрылымы

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық реформа басталған кезде есепте тұрған зейнеткерлердің, сондай-ақ реформа басталарда еңбек стажы болған азаматтардың бәріне қызмет көрсететін болады.

Мемлекеттік жинақтау зейнетақы қоры мен мемлекеттік емес зейнетақы қорлары қызметінің негізгі саласы - ресурстары қызметкерлердің еңбек табыстарының жарна есептеу үшін белгіленген 10% есептелетін міндетті сақтандыру жарналарының есебінен құралатын зейнетақылар. Мұндай жарналар азаматтың өз қалауынша Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорына немесе кез келген мемлекеттік емес зейнетақы қорына аударылатын болады.

Реформа басталған сәтте 10 жылдан аз еңбек сіңірген әскери қызметшілердің, ішкі істер және Мемлекеттік тергеу комитеті органдары қызметкерлерінің жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары, ал одан әрі - қызметке жаңадан түскен әрбір адам үшін мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жарна есептеуге қабылданатын үлес мөлшерінің 20% ставкасы бойынша жүргізіледі.

Қосымша зейнетақылар мемлекеттік емес жинақтау қорларында қызметкерлердің және/немесе олардың жұмыс берушілерінің ерікті жарналары есебінен құралады.

Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының қызметі ашықтық және сенімділік, операциялық тиімділік принциптерінде құрылады.

Мемлекеттік емес зейнетақы қорлары қалыптасу принципі бойынша:

- * зейнетақы жинақтауларын қалыптастыруды олардың жұмыс істейтін және тұратын жеріне қарамастан азаматтардың міндетті және ерікті жарналарынан жүзеге асыратын ашық қорлар;

- * жекелеген кәсіпорындар құратын және осы кәсіпорын қызметкерлердің міндетті және ерікті жарналарынан зейнетақы жинақтауларын қалыптастыратын корпоративтік қорларға бөлінеді.

Мемлекеттік емес зейнетақы қорлары қызметінің негізгі принциптері:

- * қорларды және басқару және салымшылардың қорды еркін таңдау мүмкіндігі;
- * қарапайымдылық, ашықтық және сенімділік;
- * уәкілетті мемлекеттік органдардың тарапынан қатаң реттеу және сенімді қадағалау;
- * операциялық тиімділік;
- * азаматтарға олардың зейнетақы жинауларының мөлшері туралы ақпаратты (үзіндіні) оқтын-оқтын (күпия түрде) беріп тұру;

* қор активтерін зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялар арқылы басқару.

5. Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың өтпелі кезеңге арналған қаржы ресурстарын қалыптастыру

Қазақстан Республикасының зейнетақылық жарналардың ағымдағы түсуінен зейнетақы төлеу жүйесі бойынша қызмет істейтін Зейнетақы қорын қайта құру және оны заңды тұлға мәртебесімен Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық етіп өзгерту зейнетақы реформасының мақсаттары мен міндеттеріне сүйене отырып жүргізіледі. Бұл ретте бұрынғы зейнеткерлерге алып жүрген зейнетақысының мөлшерін сақтауға, сондай-ақ тұтыну бағаларының өсуі ескеріле отырып оларды индекстеуге кепілдік беріледі. Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан болашақ зейнеткерлерге төленетін зейнетақы мөлшері зейнетақы реформасы басталған сәттегі еңбек стажына байланысты болады.

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың ресурстарын қалыптастыру көзі:

* заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік және өзге де қызметпен айналысатын заңды тұлғалардың, сондай-ақ азаматтардың міндетті зейнетақы жарналары;

* республикалық бюджеттен трансферттар болып табылады.

Реформаның "ұрпақтардың ынтымақтастығы" принципіне негізделген жүйеден жинақтаушы зейнетақы жүйесіне ауысуды көздейтін мақсаты назарға алына отырып, кәсіпорындардың Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың ресурстарын қалыптастыруға қатысуы жөніндегі міндеттемелері шектеулі уақыт кезеңіне арналып белгіленеді және ол кейіннен тоқтатылады. Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік қорға міндетті жарнаның ставкасы реформаның басталуы кезіне 15 жылдың ішінде оны нөлге дейін біртіндеп азайту арқылы еңбек ақы төлеу қорынан 15 процент мөлшерінде белгіленеді.

Мемлекеттің бұрынғы зейнеткерлер мен реформалар басталғаннан кейін зейнеткерлікке шыққандардың алдындағы міндеттемесін орындауының қажеттілігі шаруашылық жүргізуші субъектілердің салық қызметтеріне жүктелетін Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа міндетті аударуларын қамтамасыз ету жөнінде қатаң шаралар белгілеуді қажет етеді.

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың кірістері мен шығыстарының теңгерімділігі осы мақсаттар үшін табиғи ресурстарды пайдаланудан, мемлекеттік меншікті пайдаланудан немесе сатудан алынатын "роялти" үлгісіндегі кірістерді яғни көбінекей аға ұрпақтың еңбегімен құрылған көздерден түсетін кірістерді бекіту арқылы республикалық бюджеттен трансферттердің есебінен қамтамасыз етіледі.

6. Жинақтаушы зейнетақы жүйесін мемлекеттік реттеу

Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры - азаматтардың міндетті зейнетақы жарналары мен инвестициялық кірістің есебінен қалыптасқан зейнетақылық жинауларынан зейнетақылық төлемді жүргізетін ұйым. Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры инвестициялық қызметті зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияның қатысуынсыз дербес жүзеге асырады және мемлекеттік бағалы қағаздарды, мемлекеттік банктердің депозиттерін, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарын ғана инвестициялайды.

Салымшылар мен алушылардың мүддесін қорғау мақсатында жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу мыналарды көздеуі тиіс:

- * жинақтаушы зейнетақы қорларының, кастодиан-банктердің және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың қызметін қатаң бақылауды;

- * жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан-банктердің бақылауын жанай өтіп, олардың активтерге билік жасау жөніндегі өкілеттіктерін шектеу арқылы, ал мемлекеттік емес зейнетақы қорлары үшін - зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың қатысуынсыз зейнетақы қорларының зейнетақы жинауларын мақсатсыз пайдалануы мүмкіншілігін жоққа шығаруды;

- * олардың сенімділігіне сүйене отырып оларды шектелген тізбе бойынша активтерге инвестициялау арқылы зейнетақы жинауларының сақталуын қамтамасыз етуді;

- * нақты кірістілікті қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын қоса алғанда оларды активтерге инвестициялау үшін жағдай туғызудың есебінен инфляцияның нәтижесінде зейнетақы жинауларының құнсыздануын болдырмауды;

- * жинақтаушы зейнетақы қорлары мен зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың қаржылық жай-күйі ақпаратының жариялылығы мен ашықтығын;

- * инвестициялық портфельдің құрылымына және зейнетақы активтерінің салымдарын бейтараптандыруға шектеу енгізуді;

- * сыртқы аудит, активтерді және жинақтаушы зейнетақы қорлары мен зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялар мен баланс жағдайын бағалауды;

- * мемлекеттік емес зейнетақы қорларын қызметі кезеңінде мүмкін болатын банкротқа ұшыраудан қорғау үшін резерв жасау және қаражатты сақтандыру тетіктерін енгізуді;

- * зейнетақы жинауларын салушылардың Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорын қоса алғанда, бір қордан екіншісіне еркін аударуы мүмкіншілігін қамтамасыз етуді;

- * оның тандауы бойынша, сондай-ақ кастодиан банкротқа ұшыраған жағдайда қордың зейнетақы активтерін бір кастодиан-банктен екіншісіне аударуы мүмкіндігін

қамтамасыз етуді. Бұл жағдайда зейнетақы активтері кастодиан-банкті тарату кезінде тарату массасынан бірінші кезекте қайтарылады.

* жинақтаушы зейнетақы қорларының арасындағы бәсекелестікті дамытуды;

* Жинақтаушы зейнетақы қорларынан басқа барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруына тыйым салуды.

Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияларға мынадай талаптар қойылатын болады:

* сенімділік және пайдалық;

* тәуекелдерді диверсификациялау;

* тиісті қадағалаушы органдар тарапынан қатаң реттеу және бақылау жасау;

* маркетинг және әкімшілік шығыстарды барынша шектеу.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының, сондай-ақ зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың қызметін реттеуді уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асыратын болады.

7. Зейнетақы жарналары мен төлемдерін есепке алу және оларға салық салу жүйесі

Жинақтаушы зейнетақы қорларының бухгалтерлік есеп жүйесі есеп жүргізудің жалпы принциптері мен ережелері негізіне құрылуы тиіс.

Дербестендірілген есеп жеке сақтандыру жарналарын, инвестициялық табысты және төлемдерді көрсетеді. Дербес шотта сақталатын ақпарат құпия болып табылады.

Осы міндетті жүзеге асыру үшін Тұжырымдама тиісті ақпараттық жүйені әзірлеп, енгізуді көздейді.

Жаңа зейнетақы жүйесі мыналарды көздейді:

* заңды (белгіленген шекке дейін) және жеке тұлғалардың мемлекеттік және мемлекеттік емес зейнетақы қорларына жарналарын салық салудан босату;

* мемлекеттік және мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларынан инвестициялық кірісті салық салудан босату;

* мемлекеттік және мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдеріне табыс салығын салу.

8. Қорытынды

Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалау оның мақсатын, сондай-ақ бұл ретте туындайтын проблемаларды халықтың қалың жігіне кеңінен түсіндіргенде жүзеге асырылуы мүмкін.

Дайындық кезеңінде жаңа зейнетақы жүйесін қолдайтын және азаматтардың

мүдделерін қорғайтын құқықтық және нормативтік актілердің бүкіл кешені әзірленіп, қабылданатын болады.

Нарықтық экономикаға баламалы жаңа зейнетақы жүйесін құру халықты жаңа экономикалық жағдайда нақты қорғаудың шұғыл міндеті болып табылады. Сонымен бірге осы міндетті іске асыру уақыты әлеуметтік қорғаудың барлық жүйесіне реформа жүргізу жағдайында мүмкін. Заңдардың тиісті өзгерістерінің жобасын Үкімет әзірлеу үстінде.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК